

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**ПРАВИЛА ТИПОВОЙ ПРОЕКТНОЙ
ДОКУМЕНТАЦИИ**

**ҚР ЕЖ 1.02-107-2013
СП РК 1.02-107-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства
и управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Строй Проект» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Строй Проект»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	2
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
5 ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ҮШІН СҚҚТ ҰСЫНУ ТӨРТІБІ	4
6 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КАЛССИФИКАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕРІ	7
7 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ТІЗІЛІМІН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕЖЕСІ	7
8 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚОРЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ТІЗІМДЕМЕ ПАРАҚТАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ	8
9 СҚҚТ ҚОРЫНДАҒЫ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ БАСЫП ШЫҒАРЫ ЖӘНЕ ТАРАТУ	13
10 СҚҚТ ҚОРЫНДАҒЫ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ҚОЛДАНУ	13
А қосымшасы (міндетті) СҚҚК құрылымы және ақпараттық көрсеткіштер мен тізімдерді орналастыру	15
Б қосымшасы (ақпараттық) СҚҚК 2-бөлімінің каталогтік паратарын құру формалары.	17
В қосымшасы (ақпараттық) СҚҚК 3-бөлімінің каталогтік паратарын құру формалары.	30

КІРІСПЕ

Типтік жобалау күрделі құрылыс объектілерін жаппай салу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында сәулет, қала құрылысы және құрылысты мемлекеттік реттеу жағдайлары элементтерінің бірі болып табылады.

Типтік жобалаудың негізгі міндеті жобалау және құрылыс ұйымдарын күрделі құрылыс объектілерін салу, құрылыс конструкциялары, заманауи техникалық деңгейдегі бұйымдар мен желілер және жоғары сапа үшін қажетті тиімді жобалар және жобалық құжаттамалармен қамтамасыз етуге негізделген.

Типтік жобалау нәтижесінде, оны жүзеге асыру барысында күрделі құрылыс объектілерінің сенімділігі мен қауіпсіздігі қамтамасыз ету мақсатында сәулеттік, функционалды-технологиялық, конструкциялық және инженерлік-техникалық шешімдерді анықтайтын типтік жобалау құжаттамасы жасалады.

Белгіленген тәртіпке сәйкес әзірленген және бекітілген типтік жобалық құжаттама қазақстандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогіне (СҚҚК) сәйкес топталады және дайын типтік жобалық құжаттамалар қоры құрылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ПРАВИЛА ТИПОВОЙ ПРОЕКТНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Бұл нормалар жобалық құжаттаманы сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесіне (СҚҚТ) тіркеу және енгізу үшін ұсыну, типтік жобалық құжаттаманың тізілімін құрастыру және жүргізу, басып шығару тәртібін, СҚҚТ қорынан типтік жобалық құжаттаманы тарату және қолдану ережелерін айқындайды.

1.2 Бұл нормативтік құжат Қазақстан Республикасының аумағында барлық сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің күрделі құрылыс объектілерін жобалау, салу, қалпына келтіру және күрделі жөндеуден өткізу кезінде қолданылуы үшін арналған және типтік жобалық құжаттамаға қатысты болады.

1.3 Бұл ережелердің мақсаты ҚР ҚН 1.02-01, ҚР ЕЖ 1.02-106 нормаларын дамыту үшін құрастырылған және жобалық құжаттаманы даярлауға бағытталған мемлекеттік және жергілікті бюджеттің қаражатын үнемдеу, жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде пайдаланылатын заманауи үнемді сәулет-жоспарлау, конструктивті, инженерлік-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдерді насихаттау.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы мемлекеттік нормативті қолдану кезінде келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңы.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН 1.02-03-2011 Құрылысқа жобалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы туралы нұсқаулық.

ҚР ҚН 1.02-01-2013 Типтік жобалар.

ҚР ЕЖ 1.02-106-2013 Типтік жобалау.

МЕМСТ 2.114-95 Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Техникалық шарттары.

МЕМСТ 2.116-84 Өнімнің техникалық деңгейі мен сапасының картасы.

Ресми басылым

МЕМСТ 21.101-97 Құрылыс үшін жобалық құжаттама жүйесі (ҚЖҚЖ). Жобалық және жұмыс құжаттамасының негізгі талаптары.

МЕМСТ 21.110-95 Құрылыс үшін жобалық құжаттама жүйесі (ҚЖҚЖ). Жабдықтарды, бұйымдар мен материалдарды айрықшалауды орындаудың ережесі.

МЕМСТ 21.203-78 Құрылыс үшін жобалық құжаттама жүйесі (ҚЖҚЖ). Жобалық құжаттама түпнұсқаларын есепке алу және сақтау ережелері.

МЕМСТ Р 21.1101-2009 ҚЖҚЖ. Жобалық және жұмыс құжаттамасының негізгі талаптары.

Ескертпе - Сілтеме құжаттарды тексеру ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Қазақстан Республикасының аумағында қызмет ететін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізілімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекет аралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша жүзеге асырылады. Сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда, осы құжатты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай күші жойылған болса, сілтеме берілген ереже бұл сілтемеде көтерілмейтін бөлім бойынша қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 1.02-01 құрылыс нормасында келтірілген терминдермен анықтамалар және келесі терминдермен анықтамалар қолданылған:

3.1 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесі (СҚҚТ): Жобалау-құрылыс кешенінің ұйымдары мен мамандарын қолданыстағы нормативтік және типтік жобалық құжаттама, Қазақстанның құрылыс кешені үшін шығарылатын өнеркәсіптік өнімдердің автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары туралы ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі.

3.2 Типтік құжаттаманың белгіленуі: Құжаттаманың (СҚҚТ) бөлімдерінің біріне жататынын сипаттайтын типтік құжаттаманың әріптік және сандық шифры.

3.3 Типтік жобаны (жобалық шешімді) бекіту: Қолданылатын объектінің техникалық-экономикалық және конструктивті сипаттамаларын түбегейлі өзгертпей объектінің және құрылыс алаңының ерекшеліктерін есепке алу мақсатында типтік жобаға (типтік жобалық шешімге) өзгерістер енгізу.

3.4 Типтік жобалық шешім: Қайталанып отыратын шешімі бар және әр түрлі жобалық шешімдерді құрастыру үшін және құрылыстың нақты алаңына бекіту үшін арналған.

3.5 Типтік жоба: Құрылыс кезінде бірнеше рет пайдалану үшін белгіленген тәртіпте әзірленген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттама.

3.6 Типтік жобалық құжаттама: Көлем-жоспарлау шешімдерін бірегейлендіру мен типтеу негізінде әзірленген құрылыста бірнеше рет қолданылуға арналған және Сәулет, қала құрылысы мен құрылыс тізімдемесіне (СҚҚТ) енгізілген жобалық құжаттаманың кешені.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Ережелердің осы жиынтығында ұсынылатын, ресми танылған және тәжірибеде өзін толығымен ақтап шыққан сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесінің типтік жобалық құжаттамасының тізіліміне тіркеу және енгізу үшін типтік құжаттаманы ұсынудың ережелері, тізімдеме қорынан типтік жобалық құжаттаманы қолдану, тарату және басып шығару тәртібі келтірілген.

4.2 Ережелердің осы жиынтығы типтік жобалық құжаттаманы жүргізу бойынша қолайлы шешім ретінде қолдану үшін арналған ҚР ҚН 1.02-01, ҚР ҚН 1.02-03, МЕМСТ 2.114, МЕМСТ 2.116, МЕМСТ 21.110, МЕМСТ 21.203, МЕМСТ 21.1101 және құрылыстағы басшылық құжаттардың талаптарын орындау әдістерін (тәсілдерін) анықтайды.

4.3 Ережелердің осы жиынтығын барлық басқару, сәйкестікті бағалау, бақылау мен қадағалау, органдарының, жеке меншік пен тәуелділік формаларына тәуелсіз кәсіпорындар мен ұйымдардың, жеке еңбек қызметімен айналысатын немесе жеке құрылысты жүзеге асыратын азаттардың, сондай-ақ шетелдік серіктестердің, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындармен қатар қоғамдық және басқа да ұйымдардың қолданылуы үшін арналған.

4.4 Өндірістік және өндірістік мақсаттағы емес күрделі құрылыс объектілерінің, сызықты объектілердің құрылысына типтік жобалық құжаттаманың құрамы, әзірленуі, құрастырылуы, келісуі, сараптамасы, бекітуі және қолданылуы ҚР ҚН 1.02-01 және ҚР ЕЖ 1.02-106 нормаларымен анықталған.

4.5 Жобалық құжаттарды типтік жобалық құжаттамаға немесе күрделі құрылыс объектілерінің беріктігі мен қауіпсіздігінің конструктивті және басқа сипаттамаларын қозғамайтын модификатталған типтік жобалық құжаттамаға жатқызудың белгілері типтік жобалық құжаттама ретінде оны қайталап қолдану үшін жобалық құжаттаманы іріктеуді жүргізу кезінде құрылыс салушы немесе тапсырыс беруші сақтауға тиісті шарттар болап табылады.

4.6 ҚР ҚН 1.02-01 сәйкес жобалық құжаттаманы типтік жобалық құжаттамаға жатқызудың белгілері:

– жобалық құжаттаманы қайталап қолдану туралы шешім қабалданғаннан күннен үш жылдан кейін кез келген тұлғаға берілген қолданылатын типтік құжаттамаға қатысты мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы;

– мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау (бұл бақылаудың қала құрылысы қызметі туралы заңнамаға сәйкес болған жағдайда) органының осы құжаттама бойынша құрылған авторлық жобалық құжаттамаға және күрделі құрылыс объектісіне сәйкестігі туралы қорытындысы;

– типтік құжаттамада көрсетілген қолдануға болатын климаттық, гидрогеологиялық және басқа жағдайлардың қайтадан қолданылуға тиіс жағдайларға сәйкестігі туралы қорытынды;

– осы типтік жобалық құжаттамаға айрықша құқық басқа тұлғаға тиесілі болса (айрықша құқықты шеттету туралы келісім, лицензиялық келісім, сублицензиялық келісім және т.б.), типтік жобалық құжаттаманы пайдалануға құрылыс салушының (тапсырыс

берушінің) құқығын растайтын құжат;

– материал сыйымдылығын, еңбек сыйымдылығын, құрылыстың ұзақтығын, жобалау объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бағалау, жоғары деңгейдегі сәулет және қала құрылысы шешімдерінің негізінде әзірленген жобалық құжаттаманы типтік құжаттама ретінде пайдаланудың мақсатқа сыйымдылығы.

4.7 Жобалық құжаттаманы типтік жобалық құжаттамаға жатқызу кезінде осы ереженің 4.6 тармағында көрсетілген белгілердің жиынтығы болуы керек.

4.8 Өндірістік және өндірістік мақсаттағы емес күрделі құрылыстың типтік объектілерін жобалауға тапсырманың құрылымы мен құрамы ҚР ҚН 1.02-01 анықталған.

4.9 Күрделі құрылыс объектісіне типтік жобалық құжаттама әзірлеу тәртібі іргетастар, сыртқы инженерлік желілер және инженерлік іздеулер бойынша шешімдерді қоспағанда құрылыс объектілерін жобалаудағыдай белгіленген және ҚР ҚН 1.02-01 және ҚР ЕЖ 1.02-106 нормаларымен анықталған.

4.10 тағайындалуы бойынша типтік жобалық құжаттаманың келесі түрлері болады:

- типтік ғимараттар мен құрылыстардың типтік жобалары – нақты алаңға бекіту жоламен жобалау мен құрылыс кезінде бірнеше рет қолдану үшін, сондай-ақ жеке жобаларды әзірлеу кезінде пайдалану үшін (ТЖ);

- құрылыстың нақты объектілерін жобалауды әдістемелік қамтамасыз ету, типтік жобаларды бекіту үшін типтік жобалық шешімдер (ТЖШ);

- типтік құрылыс құрылмалары, бұйымдар мен тораптар (ТҚҚ, ТҚБ, ТҚТ) – жобалау мен құрылыс кезінде бірнеше рет, сондай-ақ құрылыс индустриясының кәсіпорындарында және құрылыс алаңдарында жаппай (сериялы) қолдану үшін;

- жобалау үшін типтік материалдар (ЖТМ) - құрылыстың нақты объектілерін жобалауды әдістемелік қамтамасыз ету, типтік жобаларды бекіту ретінде қолдану үшін;

- жеке жобалық шешімдер мен сызбалардың, атап айтсақ типтік құрылмалардың сызбаларын, сәулет (СТД) және жинақтау (ЖТД) детальдарының сызбаларының, типтік секциялар шешімдерінің, технологиялық цехтардың, желілер мен учаскелер жобаларының, жоспарлы сызбалардың және т.б. әзірленуі енетін өнеркәсіптік құрылыс үшін типтік кешенді жобалар.

5 ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ҮШІН СҚҚТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

5.1 Типтік жобалық құжаттама ҚР ҚН 1.02-01 және ҚР ЕЖ 1.02-106 талаптарына сәйкес келісілгеннен, сараптама мен бекітуден өткеннен кейін сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізілімдемесінің сәйкес жіктемесіне енгізілуі тиіс.

5.2 Типтік жобалар мен типтік жобалық шешімдерді Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізілімдемесіне (СҚҚТ) тізілмеменің топтамасы бойынша белгі бере отырып, сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, немесе оның тапсырмасы бойынша тізілмеменің жеке бөлімдерін дайындауға және жүргізуге жауапты ретінде тағайындалған ұйымдар жүргізеді, жобалық ұйымдар бұл құжаттамалардың түпнұсқаларын тапсырады.

5.3 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізілімдемесіне типтік жобалық

құжаттаманы енгізу және тіркеу үшін ұсынылады:

а) типтік құжаттаманы СҚҚТ тіркеу және енгізу үшін бағыттау туралы өтініш, өтініште келесілер көрсетіледі:

– жұмыстың орындаушылары - жобалық құжаттаманы орындауды жүзеге асырған және инженерлік ізденістерді орындаған тұлғалар туралы сәйкестендірме мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, тұлғаны куәландыратын құжаттарының реквизиттері, жеке кәсіпкердің тұрғылықты жерінің пошталық мекен жайы, заңды тұлғаның толық атауы, тұрғылықты жерінің орны);

– күрделі құрылыс объектісі туралы сәйкестендірме мәліметтер, мемлекеттік сараптамаға ұсынылған жобалық құжаттама және (немесе) инженерлік ізденістер нәтижесі (объектінің (объектілердің) атауы, болжанатын құрылыс (қалпына келтіру, күрделі жөндеу), күрделі құрылыс объектісінің (объектілерінің) пошталық (құрылыс) мекенжайы, күрделі құрылыс объектісінің (объектілерінің) негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері (алаңы, көлемі, ұзындығы, қабаттардың саны, өндірістік қуаттылығы және т.б.));

– өтініш беруші туралы сәйкестендірме мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, тұлғаны куәландыратын құжаттарының реквизиттері, құрылыс салушы (техникалық тапсырыс беруші) – жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің пошталық мекен жайы, құрылыс салушы (техникалық тапсырыс беруші) - заңды тұлғаның тұрғылықты жерінің пошталық мекен жайы, заңды тұлғаның толық атауы, құрылыс салушы – жеке тұлғаның тұрғылықты жері, егер құрылыс салушы (техникалық тапсырыс беруші) және өтініш беруші бір тұлға болмаса, көрсетілген мәліметтер өтініш берушіге де қатысты болады);

б) мемлекеттік сараптама жүргізу үшін құрылысы немесе қайта қалпына келтіру айрықша экономикалық және климаттық аумақта жүзеге асыруды қарастыратын объектілерге қатысты жобалық құжаттама, сондай-ақ I -V кластағы қалдықтарды орналастыру және залалсыздандырумен, су объектілерінде жасанды жер учаскелерімен байланысты объектілерге қатысты әзірленген жобалық құжаттама ұсынылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы;

в) кез келген тұлғаға берілген қолданылатын типтік жобалық құжаттамаға (модификацияланған типтік жобалық құжаттама) қатысты мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы;

г) құрылыс салушының (техникалық тапсырыс берушінің) айрықша құқығы басқа тұлғаға тиесілі типтік жобалық құжаттаманы пайдалануға құқығын растайтын құжат (айрықша құқықты басыбайлы беру туралы келісім, лицензиялық келісім, сублицензиялық келісім және тағы басқалар);

д) құрамы ҚР ҚН 1.02-01 және ҚР ЕЖ 1.02-106 анықталған негізгі құжаттаманың түпнұсқасы.

5.4 Техникалық сараптама және Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган оң шешім берген жағдайда, типтік жобалық құжаттамаға белгі беріледі және осы белгі бойынша типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне енгізіледі, барлық ақпараттық басылымдарда, тізілімдерде, көрсеткіштер мен тізімдемелерде таратылады және аталады.

5.5 Типтік жобалық құжаттамаға белгі беру ҚР ЕЖ 1.02-106 нормалық құжатқа

сәйкес орындалады.

5.6 Күшіне енген типтік құрылыс құрылмаларына, бұйымдар мен тораптарға жобалық құжаттаманы жетекші ұйым – әзірлеуші СҚҚТ – 3 қоры мен типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне енгізу үшін Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға табыстайды.

5.7 Типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдар мен тораптардың жобалық құжаттамасын типтік жобалық құжаттама қорына тапсыру техникалық тапсырыста белгіленген мерзімде жүргізіледі, әдетте ол әзірленуіне негіз болған құжатпен белгіленген осы жобалық құжаттама әзірленуі аяқталғанға дейін 90 күннен кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

5.8 Типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдар мен тораптардың жобалық құжаттамасын типтік жобалық құжаттаманы типтік жобалық құжаттама қорына қабылдау үшін келесі материалдар ұсынылады:

- әзірленген және ауыстырылатын жобалық құжаттаманың атауы, әзірленген жобалық құжаттаманың болжамды қолданылуын, әрекетінің жоспарланған мерзімі, сондай-ақ қарастыруға ұсынылатын материалдар көрсетілген ілеспе хат;

- негізінде жобалық құжаттама әзірленген құжаттың көшірмесі;
- күшіне енген жобалық құжаттама (белгіленген құрамда);
- тізілімдеме парағы;
- техникалық тапсырманың көшірмесі;
- ғылыми-техникалық кеңес отырысы хаттамасының көшірмесі;
- жобалық құжаттаманы бекіту туралы құжаттың көшірмесі;
- келісілгені туралы құжаттың көшірмесі;
- сараптама қорытындысының көшірмесі;
- жобалық құжаттаманы күшіне енгізу туралы бұйрықтың көшірмесі.

5.9 Жобалық құжаттаманы СҚҚТ типтік жобалық құжаттама қорына қабылдау кезінде сәйкестіктер ескеріледі: құрамы, жобалық материалдардың белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделуі мен жинақталуы; қол жеткізілген техникалық-экономикалық көрсеткіштердің базалыққа сәйкес келуі (нормативтік, бекітілген); жобалау кезінде пайдаланылған, тексеру кезінде әрекет ететін нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік стандарттар; полиграфиялық орындалған (графикалық суреттердің сапасы) типтік құжаттама талаптарының түпнұсқалары.

Тексерістің нәтижесі бойынша қорытынды құрастырылады, қажет болған жағдайда ілеспе хатпен оған өзгерістер енгізу үшін жобалық құжаттама ұйымға-әзірлеушіге (жетекші ұйымға-әзірлеушіге) қайтарылады.

5.10 Өзгеріс енгізілген жобалық құжаттаманы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган толықтығы мен орындалған өзгертулердің дұрыстығы бөлімінде қарастырады, одан кейін түпнұсқаларды ұйым-әзірлеуші СҚҚТ типтік жобалау құжаттамасының қорына тапсырады.

СҚҚТ жүргізетін уәкілетті орган белгіленген нысандағы анықтама мен ілеспе хат береді. Анықтама жобалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтаудың нақты мерзімін куәландырады және тапсырыс беруші мен ұйым-әзірлеуші арасында есепті аяқтау үшін негіз болып табылады.

6 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КАЛССИФИКАЦИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕРІ

6.1 Қазақстандық сәулет, қала құрылысы және құрылысы тізімдемесі (СҚҚТ) құрылыс кешенінің ұйымдары мен мамандарын қолданыстағы нормативтік және типтік жобалық құжаттар, ғылыми-техникалық сүйемелдеуді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыратын құрылыстағы ақпараттық технологиялардың бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары туралы деректермен ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі болып табылады.

6.2 Сәулет, қала құрылысы және құрылысы тізімдемесі ҚР ҚН 1.01-01 талаптарына сәйкес құрылған ресми басылым болып табылады.

6.3 СҚҚТ құрылымы және ақпараттық көрсеткіштер мен тізілімдемелердің бөлінуі 1 қосымшаға сәйкес көрсетілген.

6.4 Күрделі құрылыс объектілерінің объектілерін, өндірістік мақсаттағы және өндірістік мақсаттағы емес күрделі құрылыс объектілері үшін типтік жобалық құжаттаманың тізілімі СҚҚТ-2 тізіліміне енгізілген, ал ғимараттар мен құрылыстардың типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдары мен тораптарының жобалық құжаттамасының тізілімі аумақтық тізімдеменің СҚҚТ-3 енгізілген.

7 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ТІЗІЛІМІН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

7.1 Сәулет, қала құрылысы және құрылысы тізімдемесі типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне әзірленген кезде заманауи экономикалық ресурстар мен энергия үнемдейтін, сәулет-жоспарлау, құрылма, инженерлік-техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдер қолданылған және мемлекеттік және жергілікті бюджеттің қаражаттары есебінен немесе тарта отырып, жаппай қолдану үшін ұсынылатын күрделі құрылыс объектілерінің құрылысына жобалық құжаттама туралы ақпаратты енгізу керек.

7.2 Сәулет, қала құрылысы және құрылысы тізімдемесі типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне жобалық құжаттама әзірленген күрделі құрылыс объектісі тағайындалуы, түрі және техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша басқа күрделі құрылыс объектілеріне балама болған жағдайда жобалық құжаттама туралы ақпарат енгізілуі тиіс, Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның қарауына ұсынылған типтік жобалық құжаттамаға қатысты немесе тізілімге енгізілген мәліметтер күрделі құрылыс объектісі құрылысының пайдаланудың есептік мерзіміне, күрделі құрылыс объектісінің жалпы алаңына пайдалы алаңның арасалмағының үздік көрсеткіштері болады, күрделі құрылыс объектілерін пайдалану үшін қажетті қуаттылықтың бірлігіне ресурсты пайдаланудың, ал көрсеткіштер бірдей болса – оны дайындаған кезде бұдан бұрын қолданылмаған сәулет-жоспарлау, құрылма, инженерлік-техникалық, технологиялық және (немесе) ұйымдастырушылық шешімдер қолданылды.

7.3 Мемлекеттік бюджет есебінен немесе қаражатты тарта отырып әзірленген және типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне енгізу үшін жобалық құжаттаманың мемлекеттік

сараптамасының оң қорытындысын алған жобалық құжаттама туралы ақпарат Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға оң қорытынды беру үшін ұсынылады.

7.4 Басқа қаржылық дереккөздердің есебінен әзірленген және жобалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамасының оң қорытындысын алған жобалық құжаттама туралы ақпаратты типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне енгізу үшін құқық иеленуші немесе осындай жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші, соның ішінде шетелдік құқық иеленуші немесе тапсырыс беруші жібере алады.

7.5 Типтік жобалық құжаттаманың тізіліміне енгізу туралы шешім Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның немесе тізілім жүргізу ісі жүктелген органның бұйрығымен рәсімделеді.

7.6 Типтік жобалық құжаттаманың тізіліміндегі мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайлардың бәрінде кез келген мүдделі тұлғаның танысуы үшін ашық болып табылады.

8 СҚҚТ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚОРЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ТІЗІМДЕМЕ ПАРАҚТАРЫН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ

8.1 СҚҚТ типтік жобалық құжаттама қорына енгізу үшін жобалық құжаттаманың құрамына жобалық құжаттама туралы негізгі ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын және жобалау мен құрылыста қолдануда жобалық құжаттаманы таңдау үшін қажетті қысқа мәліметтер мен негізгі техникалық-экономикалық деректер мен көрсеткіштер болатын жобаның төлқұжаты-типтік жобалық құжаттаманың тізімдеме парағы енеді.

8.2 Тізімдеме парағын құрастыруды, оларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді жетекші ұйым – типтік жобалық құжаттаманы әзірлеуші жүзеге асырады.

8.1 СҚҚТ 2 бөлімінің тізімдеме парақтарын құрастыру

8.3 Жобалық құжаттаманың тағайындалуына байланысты тізімдемелік парақтар Б қосымшаға сәйкес құрастырылады:

- 2.1 Қ формасы бойынша — тұрғын үй ғимараттарының жобалық құжаттамасына;
- 2.2 Қ формасы бойынша — қоғамдық ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ сәулет пен көгалдандыру элементтерінің шағын формаларына жобалық құжаттамасына;
- 2.3 Қ формасы бойынша — өндірістік, қойма, қосымша, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының, ғимараттар мен құрылыстардың, цехтар учаскелерінің технологиялық желілерінің жобалық құжаттамасына;
- 2.4 Қ формасы бойынша — қоғамдық, өндірістік, қойма және қосымша мақсаттағы объектілердің жоспарлау сызбаларының, сондай-ақ көгалдандыру бойынша шешімдердің жобалық құжаттамасына.

8.4 Тізімдемелік парақтардың бірінші және келесі беттерінде жұмыс алаңының жиектемесінде бірінші бетте 10 алаңнан және келесі беттерде 4 алаңнан тұратын тақырыптық бөлігі рәсімделеді.

Аландарды толтыру Қ2.1-Қ2.4 формаларында көрсетілген анықтамаларға сәйкес орындалады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган және (немесе) СҚҚТ типтік жобалық құжаттаманың қорын жүргізуге құқық алған ұйым ай мен жыл көрсетілетін «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесіне енгізу күні» алаңын толтырады.

Бірінші беттің қалған аландары мен келесі беттердің барлық аландарын әзірлеуші-ұйым толтырады:

– типтік құжаттаманың белгісін Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган және (немесе) СҚҚТ типтік жобалық құжаттаманың қорын жүргізуге құқық алған ұйым береді;

– орнына жаңа құжаттама әзірленген бұдан бұрын әрекет еткен жобалық құжаттаманы белгілеу;

– жобалық құжаттаманың атауы;

– жаппай қолданылатын жобалық құжаттаманың түрі (типтік жоба, типтік жобалық шешімдер, жобалау үшін типтік материалдар);

– тізімдеме парағы беттерінің саны.

8.5 Құрылыс және технологиялық шешімдердің графикалық материалдарын неғұрлым аз көлемде артық детальсыз, графикалық суреттің нақтылығын қамтамасыз ететін еркін масштабта орындау керек.

Құрылыстық шешімдердің графикалық материалдарына объектілердің бас жоспарларының сызбасы, қасбеттер, жоспарлар, баспалдақтарды, кіре берістерді, қақпаларды, инженерлік коммуникациялардың тартылуы мен шығарылуын, көтеру-көліктік құралдарын, олардың жүк көтергіштіктерін көрсете отырып, ғимараттар мен құрылыстардың өзіндік қиықтары, барлық қабаттардың таза еденінің, төсемдердің салмақ түсетін конструкциясының астыңғы жағының, крандық жолдар рельстері бастарының белгілері, жердің жоспарланған белгілері, ғимараттар мен құрылыстардың анағұрлым тән, жоспардағы конфигурация өзгерісінің орнында, биіктіктің айырмасы, қабаттардың өзгеруі үйлестіру ортасының белгілері енеді.

Инженерлік коммуникациясын енгізу мен шығаруды С – су құбыры, К – канализация, Ж – жылу желісі, Э – электр желісі, Г – газ құбыры, Б – байланыс пен дабылқаққыш әріптермен белгілеу керек.

Технологиялық шешімдердің графикалық материалдары технологиялық жабдықтарды орналастыру жоспары, технологиялық үдерістердің сызбасы енеді. Технологиялық шешімдердің графикалық суреттері мүмкіндігінше құрылыс шешімдерінің графикалық суреттерімен біріктіріледі.

Графикалық материалдар ғимараттар мен құрылыстардың, пәтерлердің, үй-жайлардың экспликацияларымен, негізгі технологиялық жабдықтардың спецификациясымен сүйемелденеді.

8.6 «Техникалық сипаттама» бөліміне объектінің қысқаша сипаттамасы, оның тағайындалуы, қолдану жөніндегі нұсқаулық енеді. Егер тізімдеме парағында «Технологиялық үдеріс» бөлімі келтірілсе, «Техникалық сипаттама» бөлімі төмен түсіріледі. Бұл жағдайда технологиялық үдерістің сипаттамасы объектінің қысқаша

сипаттамасынан басталуы тиіс.

8.7 «Өндірістік бағдарлама» бөліміне шығарылатын өнімнің саны, сұрыпталымы туралы, шикізат қажеттілігі және басқа мәліметтер енеді.

8.8 Жұмыс үдерісінде зиянды заттар шығаратын өндірістердің жобалық құжаттамасына тізімдемелік парақтар құрастыру кезінде «Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуы», «Тазалау құрылыстары мен сарқында сулар үшін құрылғылардың сипаттамасы» кестелерін келтіру қажет.

8.9 «Қолданылу саласы» және «Инженерлік қамтамасыз ету» бөлімдерінде сандық мағыналарды көрсете отырып, олардың түсініктерімен әзірленген жобалық құжаттаманың спецификасын көрсететін қосымша сипаттамалар енгізуге болады.

8.10 «Құрылыс құрылмалары мен бұйымдары» бөлімінде құрылманың, бұйымның түрін, оның жинақталуын, материалын көрсете отырып жобаланатын ғимарат пен құрылыс құрылмаларының және бұйымдарының тізілімі беріледі; МЕМСТ-тың, серияның, шифрдың белгілері және альбомдардың, шығарылымдардың, бөлімдердің нөмірлері келтіріледі.

Қажет болған жағдайда конструкторлық шешімдердің нұсқалары көрсетіледі.

8.11 «Техникалық-экономикалық деректер мен көрсеткіштер» кестесінде әзірленген жобалық құжаттаманың спецификасын бейнелейтін жаңалармен толықтыруға болатын сипаттамалардың жиынтығы келтірілген.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шектеулі жиынтығы кезінде кестелерді белгіленген нұсқаларға қатысты ұйым – жобалық құжаттаманы әзірлеуші орындауы мүмкін.

Көп нұсқалық жобалау кезінде «Техникалық-экономикалық мәліметтер мен көрсеткіштер» кестесі, әдетте, әр нұсқа үшін бөлек толтырылуы керек. Негізгі шешім мен нұсқалардың мағынасын бір кестеде келтіруге жол беріледі.

8.12 «Қосымша деректер» бөлімінде жобалық шешімдердің жаңашылдығы мен тиімділігі туралы, патенттердің болуы, авторлық куәліктер туралы мәліметтер, қабылданған есептік көрсеткіш, есептік бірліктердің саны және әзірленген құжаттаманың тізімдеме парағының формасына енбеген басқа мәліметтері келтіріледі.

8.13 «Жобалық құжаттаманың құрамы» мен «Қолданылған жобалық құжаттама» бөлімдері кесте түрінде орындалады.

8.14 Соңғы бетте тізімдеме парағының шығу деректері келтіріледі: жобалық құжаттаманың авторы (әзірлеуші-ұйым), бекітілуі, күшіне енгізу, әрекет ету мерзімі, құжаттаманы жеткізуші туралы мәліметтер.

8.2 СҚҚТ 3 бөлімінің тізімдеме парақтарын құрастыру

8.15 СҚҚТ 3 бөлімінің тізімдемелік парақтары В қосымшаға сәйкес құрастырылады:

Қ3.1 формасы бойынша — ғимараттар мен құрылыстардың типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдар мен тораптардың жобалық құжаттамасына;

Қ3.2 формасы бойынша — ғимараттар мен құрылыстардың инженерлік жабдықтарының, инженерлік жабдықтардың бұйымдары мен тораптарының жобалық құжаттамасына;

Қ3.3 формасы бойынша — темір бетон бұйымдарды дайындау үшін шегендеу

формаларының жобалық құжаттамасына.

8.16 Тізімдемелік парақтардың бірінші және келесі беттерінде жұмыс алаңының жиектемесінде бірінші бетте 10 алаңнан және келесі беттерде 4 алаңнан тұратын тақырыптық бөлігі ресімделеді.

Алаңдарды толтыру ҚЗ.1-ҚЗ.3 формаларында көрсетілген анықтамаларға сәйкес орындалады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органының бөлімшесі және (немесе) СҚҚТ типтік жобалық құжаттаманың қорын жүргізуге құқық алған ұйым ай мен жыл көрсетілетін «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесіне енгізу күні» алаңын толтырады.

Бірінші беттің қалған алаңдары мен келесі беттердің барлық алаңдарын әзірлеуші-ұйым толтырады:

- серия мен шығарылымның белгісін Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі және (немесе) СҚҚТ типтік жобалық құжаттаманың қорын жүргізуге құқық алған ұйым береді;

- орнына жаңа құжаттама әзірленген бұдан бұрын әрекет еткен серияны (шифр) белгілеу;

- серияның атауы, егер толық атауы сыймайтын болса, ескерту тәртібіндежеке сөздерді қысқартуға жол беріледі (мысалы, жиынтық темір бетон құрылымдары). Ауыстырылатын серия туралы мәліметтер ұяшыққа сыймайтын болса, бұл мәліметтерді «Қосымша деректер» Бөлімінде беруге болады. Ал көрсетілген ұяшықта «қосымша деректерді қараңыз» деп жазу керек. «Қосымша деректерде», қажет болған жағдайларда, ауыстырылатын серия туралы түсініктемелер келтіріледі;

- тізімдеме парағы беттерінің саны.

8.17 Графикалық материалдар неғұрлым аз көлемде артық детальсыз, графикалық суреттің нақтылығын қамтамасыз ететін еркін масштабта орындау керек. Графикалық материалдарға құрылымдардың, бұйымдардың, қажет болған жағдайда ғимараттар мен құрылыстар тораптарының, инженерлік жабдықтардың үлгілік сызбалары (эскиздері), жеке құрылыстардың габаритті сызбалары, түрлері қиықтары, кесінділері, құрылымдардың жалпы параметрлері, негізгі көлемдері мен қажетті түсініктермен басқа мәліметтер енеді.

8.18 «Құрылымдардың (бұйымдардың) номенклатурасы» кестесінің бірінші бағанында «Эскиз нөмірі» орнына «Эскиз» бағанының атауымен графикалық бөлімді орналастыруға болады.

8.19 «Қолдану саласы» бөлімінде сандық мағыналарды көрсете отырып, әзірленген жобалық құжаттама бойынша қосымша сипаттама енгізілуі мүмкін, мәліметтері жоқтар көрсетілмейді.

8.20 «Қосымша деректер» бөлімінде әзірленген серияның жаңашылдығы мен тиімділігі туралы, патенттердің болуы, авторлық куәліктер туралы мәліметтер, тізімдеме парағының формасына енбеген әзірленген құжаттама туралы басқа мәліметтер келтіріледі.

8.21 Соңғы бетте тізімдеме парағының шығу деректері келтіріледі: жобалық құжаттаманың авторы (әзірлеуші-ұйым), бекітілуі, күшіне енгізу, әрекет ету мерзімі, құжаттаманы жеткізуші туралы мәліметтер.

8.3 Тізімдеме парақтарын ресімдеу

8.22 Тізімдеме парақтарының түпнұсқалары А маркалы сызба қағазында орындалады – егер графикалық материалдар орналасатын болса, бірінші және келесі беттер, және 0 немесе 1 маркалы жазу қағазында – қалған беттер.

Тізімдеме парақтары түпнұсқаларының форматы 297×420 мм (210×297 мм), жұмыс алаңының габариті 257×400 мм. Тізімдеме парағының сыртқы жиектемесінен жұмыс алаңының қабырға жиектемесіне дейінгі ара қашықтық 20 мм, жоғарыдан төменгі жиектемеге дейін 10 мм. Тізімдеме парағы мен тақырыптық бөлімнің көлемі 1, 2 суреттерде келтірілді.

8.23 Мәтіндік бөлім сандық және әріптік белгілердің барлық контурын міндетті түрде басып шығарумен айқын жазумен орындалуы тиіс. Шрифттің көлемі 2,5 мм. Тармақтар арасындағы ара қашықтық (аралықтары) мәтіндік материалдың көлеміне байланысты 2 аралықтан аспауы тиіс, сонымен бірге жұмыс алаңының тығыз және біркелкі толтырылуына тырысу керек.

8.24 Жұмыс алаңының сызбалары, кестелері және жиектемелері біркелкі қанық қара түспен орындалады. Сандар мен әріптер айқын бейнеленуі керек.

8.25 Бөлімдердің, кестелердің, сипаттамалардың атаулары бас әріптермен, мәтін кіші әріптермен жазылады. Арнайы белгілерді, алфавиттің сирек қолданылатын әріптерін тушыпен қолмен жазуға болады.

Кестелердің бағандарында орналастырылған мәтін шектелген бағандардың жиегінен шығарылмай, бағанның барлық жұмыс алаңынаа біркелкі орналастырылады. Бағандағы сандар, әдетте, барлық бағандағы сандардың класы бірінің астына бірі дәл орналасуы керек.

8.26 Тізімдеме парағының соңғы бетінде жеткізуші белгілейтін жобалық құжаттаманың инвентарлық нөмірі және Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі және (немесе) СҚҚТ типтік жобалық құжаттаманың қорын жүргізуге құқық алған ұйым белгілейтін тізімдеме парағының нөмірі қойылады.

Тізімдеме парағының соңғы бетінде жұмыс алаңы жиектемесінің оң жағын жетекші әзірлеуші-ұйым бас инженерінің (сәулетшісінің) және жобаның бас инженерінің (сәулетшісінің) қолдарымен ресімдейді: жұп бетінде – оң жағын, тақ бетінде – сол жағын.

8.27 Тізімдеме парағы түпнұсқасының айналым жағы толтырылмайды, беттер тура нөмірленеді.

8.28 СҚҚТ енгізілген жобалық құжаттаманың тізімдеме парағына жеке сөздерді, тармақтарды, абзацтарды қайтадан басу жолымен және оларды түзейтін жерлерге желімдеу жолымен өзгерістер енгізуге жол беріледі. Қайта басу түпнұсқа жасалған сападағы қағазда жүргізіледі. Тізімдеме қағазына өзгерістер енгізілген жағдайда тізімдеме парағы түпнұсқасының сәйкес бетінің сыртында жұмыс алаңының жиектемесінен тысқары «Өзгерістер енгізілді (құжаттың күні мен нөмірі, өзгерісті енгізу күні және жобаның бас инженерінің қолы)» деген жазу жазылады.

9 СҚҚТ ҚОРЫНДАҒЫ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ БАСЫП ШЫҒАРЫ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Типтік жобалардың тізімдемесіне енгізу туралы шешімнен кейін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган Басып шығару мен тарату жөніндегі бірыңғай мамандандырылған орталық шығаратын Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттық бюллетень шығарылымдарында күшіне енгені туралы хабарлайды, сондай-ақ СҚҚТ сәйкес тізіліміне енгізіледі.

Типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдар мен тораптардың сызбалары бекітілгеннен кейін қорға енгізіледі және олардың күшіне енгізілгені мәліметтер Ақпараттық бюллетеннің - басып шығару мен тарату жөніндегі бірыңғай мамандандырылған орталық шығаратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер, стандарттар мен әдістемелік материалдар туралы журналдардың шығарылымында жарияланады, сондай-ақ СҚҚТ сәйкес тізіліміне енгізіледі.

9.2 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесінен қолданыстағы типтік құжаттаманың нормаларына сәйкес келмейтіндерді түзету немесе алы тастау туралы шешімді құжаттаманы әзірлеуші – ұйымның немесе тізімдемені құрастыратын және жүргізетін ұйымның ұсынысы бойынша жобалық құжаттаманы бекіткен ведомство қабылдайды.

9.3 Мемлекеттік қорға қабылданған типтік жобалық құжаттаманы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе басып шығару, таралымын көбейту және тарату тапсырылған ұйым басып шығарады және таратады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша типтік жобалық құжаттаманы жобалық ұйымдардың-осы құжаттама авторларының басып шығаруына және таратуына жол беріледі. Типтік жобалық құжаттаманы таратқан ұйымдар оның сапасы мен басып шығару және тарату мерзіміне жауапты болады.

9.4 Типтік жобалық құжаттаманы басып шығару және тарату алдын ала сұранымдар және ұйымның ағымдағы тапсырысы бойынша жүзеге асырылады. СҚҚТ ақпараттық басылымда мәліметтер жарияланған типтік жобалық құжаттамаға тапсырыс орындау мерзімі тапсырыстар келіп түскен уақыттан үш айдан аспауы тиіс.

9.5 Типтік құжаттаманың күшін жою және оны СҚҚТ алып тастау туралы, сондай-ақ құжаттаманың қолданылу мерзімін ұзарту немесе оны жобалау немесе анықтамалық материал ретінде қолдану мүмкіндігі туралы ақпаратты СҚҚТ құрастыратын және жүргізетін ұйым ай сайынғы ресми ақпараттық басылымда жариялауы керек.

9.6 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесінің барлық бөлімдерінен типтік құжаттаманың таралымын көбейту және тарату сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізілімін құрастыратын және жүргізетін ұйым мен бөлімдердің орындаушылары арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

10 СҚҚТ ҚОРЫНДАҒЫ ТИПТІК ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ҚОЛДАНУ

10.1 Күрделі құрылыс объектілеріне қолданылатын типтік жобалық құжаттама

ҚР ЕЖ 1.02-107-2013

алаңның және МЕМСТ 21.101 сәйкес құрылыс ауданының ерекшеліктерін есепке ала отырып, нақты құрылыс алаңына бекітілген болуы керек.

10.2 Күрделі құрылыс объектілеріне типтік жобалық құжаттаманы бекіту тәртібін ҚР ҚН 1.02-01 және ҚР ЕЖ 1.02-106 анықтайды.

10.3 Бекіту бойынша орындалатын жұмыстардан басқа жобалық жұмыстарды жүргізетін ұйымдар типтік жобаларға (типтік жобалық шешімдерге) онда қарастырылған жабдықтар, құрылмалар мен бұйымдар өндірістен алынып тасталған жағдайларда немесе ережелер мен нормативтік құжаттардың талаптары өзгертілген жағдайда қажетті өзгерістер енгізуі тиіс.

10.4 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша бекітілген типтік жобаларға (типтік жобалық құжаттарға) одан да үдемелі технологиялық процестерді, өнімділігі жоғары жабдықтарды, механизациялау мен автоматтандырудың құралдарын қолданумен, жоспарлау және конструктивті шешімдерді жетілдірумен, өндірісті тоқтатумен, құрылыс объектілерінің құнын төмендетуді және техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартуды қамтамасыз ететін құрылыстың индустриалды әдістерін қолданумен байланысты өзгерістер енгізуге болады.

10.5 Күрделі құрылыс объектісінің құрылыс жобасында типтік құрылыс құрылмалары, бұйымдар мен тораптар қолданылатын жағдайда, жобалардың жұмыс сызбаларына бұйымдардың, тораптардың сәйкес жұмыс сызбаларының белгіленуін көрсете отырып, типтік құрылыс құрылмаларының, бұйымдар мен тораптардың қолданылуына сілтеме жасалуы тиіс.

Типтік бұйымдардың жұмыс сызбаларына өзгертулер енгізу қажетті болған жағдайларда, объектінің құрылысына жасалған жұмыс құжаттамасының құрамында жұмыс сызбаларына енгізілетін толықтырулар мен өзгертулер бар сызбалар және қолданылған типтік бұйымдардың спецификациясы орындалуы тиіс.

10.6 Жобалық ұйымдар бекіту үшін типтік жобалық құжаттаманы таңдаудың дұрыстығына, типтік жобаларды (типтік жобалық шешімдерді) қолдана отырып орындалған құжаттаманың сапасына, оның заманауи деңгей мен жұмыс өндірісінің әдістеріне, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, оның ғылым мен техниканың заманауи деңгейіне сәйкес келуіне, қауіпсіздік техникасының, электр-, жарылғыш- және өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес келуіне жауап береді.

10.7 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесінің басылымынан алынып тасталған типтік жобалық құжаттаманы бекітуге болмайды.

Типтік жобаны (типтік жобалық шешімді) қолданыстағылардың қатарынан алып тастаған жағдайда, бекітілгеннен кейін және құрылыс басталмаған жағдайда бір жылдың ішінде тізілімдемеден алынып тасталғанның орнына бекітілген жаңа типтік жобаның (типтік жобалық шешімнің) бекітілуі орындалуы тиіс.

10.8 Типтік жобалық құжаттаманы қолданған кезде міндетті түрде оны пайдалану құқығын растайтын құжат, сондай-ақ бастапқы қолданылуы үшін әзірленген жағдайларды есеп ала отырып, қайтадан қолданылуға жоспарланған типтік жобалық құжаттаманың климаттық және басқа да жағдайларын растайтын құжат ұсынылуы тиіс.

А қосымшасы
(міндетті)

А.1 кестесі - СҚҚТ құрылымы және ақпараттық көрсеткіштер мен тізілімдерді орналастыру

СҚҚТ	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесі
СҚҚТ-0	ЖАЛПЫ БӨЛІМ (ҚР нормативтік құқықтық актілері, соның ішінде негізгі және өндірістік: Азаматтық кодекс (ерекше бөлім), Президенттің Жарлықтары, Заңдар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті реттейтін ҚР Үкіметінің Қаулылары, Министрліктер мен ведомстволардың құжаттары
СҚҚТ-1	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
СҚҚТ-2	Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар (типтік жобалар)
СҚҚТ-3	Құрылыс құрылмалары мен бұйымдар
СҚҚТ-4	Құрылыс материалдары
СҚҚТ-5	Баға айналымы мен сметаларға қатысты мемлекеттік нормативтер
СҚҚТ-6	Құрылысты ұйымдастыру және технологиясы
СҚҚТ-7	ҚР салалары мен ведомстволарының мемлекеттік нормативтері
СҚҚТ-0	<i>СҚҚТ 0.1-20XX «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ведомстволық құжаттардың көрсеткіштері» ағымдағы жылдың 1 қаңтары жағдайына</i>
СҚҚТ-1	<i>СҚҚТ 1.1-20XX «ҚР аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізілімі» ағымдағы жылдың 1 қаңтары жағдайына</i>
СҚҚТ-2	<i>СҚҚТ 2.1-20XX «Қалалар мен ауылдық елді мекендерді құрылыс үшін типтік жобалық құжаттаманың тізілімі. Тұрғын үй ғимараттары.»</i> <i>СҚҚТ 2.2-20XX «Қалалар мен ауылдық елді мекендерді құрылыс үшін типтік жобалық құжаттаманың тізілімі. Қоғамдық ғимараттар.»</i> <i>СҚҚТ 2.3-20XX «Өнеркәсіп, электрэнергетика, көлік, байланыс, агро-өнеркәсіп кешені, қойма шаруашылығы және санитарлық техника кәсіпорындары, ғимараттары мен құрылыстарының типтік жобалық құжаттамасының тізілімі»</i> <i>СҚҚТ 2.4-20XX «Шағын сәулет формалары мен көгалдандыру элементтерінің типтік жобаларының тізілімі»</i> <i>СҚҚТ 2.5-20XX «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың негізгі жоспарлау элементтері нормаларының тізілімі»</i> <i>СҚҚТ 2.6-20XX «Азаматты қорғаныстың қорғау құрылыстарын салу үшін типтік жобалық құжаттаманың тізілімі»</i>
СҚҚТ-3	<i>СҚҚТ 3.1-20XX «Құрылыстың барлық түрлері үшін ғимараттар мен құрылыстардың типтік құрылыс құрылмалары, бұйымдар мен тораптарының типтік жобалық құжаттаманың тізілімі»</i> <i>СҚҚТ 3.2-20XX «Облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында құрылыс үшін типтік құрылыс құрылмалары мен бұйымдарының аумақтық тізімдемесі»</i>

А.1 кестесі - СҚҚТ құрылымы және ақпараттық көрсеткіштер мен тізілімдерді орналастыру (жалғасы)

СҚҚТ	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесі
СҚҚТ-4	<p><i>СҚҚТ 4.1-20XX «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға рұқсат етілген құрылыс материалдарының тізілімі»</i></p> <p><i>СҚҚТБ 4.2-20XX «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға рұқсат етілген оқшаулау, жабындық материалдар мен бұйымдардың тізілімі»</i></p> <p><i>СҚҚТ 4.3-20XX «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуға рұқсат етілген құзақ құрылыс қосындыларының тізілімі»</i></p>
СҚҚТ-5	<p><i>СҚҚТ 5.1-20XX «Баға айналымы мен сметаларға қатысты мемлекеттік нормативтер»</i></p>
СҚҚТ-6	<p><i>СҚҚТ 6.1-20XX «құрылмалар мен азаматтық ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу бойынша технологиялық карталардың тізілімі»</i></p> <p><i>СҚҚТ 6.2-20XX «Оңтайлы (инвентарлы) ғимараттар мен құрылыстардың тізілімі»</i></p>
СҚҚТ-7	<p><i>АГСК 7.1-20XX «ҚР салалары мен ведомстволарының мемлекеттік нормативтері»</i></p>

Б қосымшасы
(ақпараттық)

СҚҚТ 2 бөлімінің тізімдеме парақтарын құрастыру формалары

Б1 кестесі - Қ 2.1 формасы

СҚҚТ-2	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесі 2 бөлім Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар	Белгіленуі
ҚР Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган	Жобалық құжаттаманың атауы	Орнына (белгіленуі)
Сәулет, қала құрылысы және құрылыс тізімдемесіне енгізу күні	Жобалық құжаттаманың түрі бетте. Реттік № ____ бет.

(Құрылыс шешімдерінің графикалық материалдары: қасбеттер, жоспарлар, қиықтар және т.б.)

ПӘТЕРЛЕРДІҢ ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Пәтер (түрі)	Саны	Аудан, м ²		Пәтер (түрі)	Саны кісі тұратын	Аудан, м ²	
		кісі тұратын	жалпы			кісі тұратын	жалпы
Бір бөлмелі				Бес бөлмелі Пәтердің орташа алаңы			
Екі бөлмелі							
Үш бөлмелі							
Төрт бөлмелі							
СҚҚТ-2	Жобалық құжаттаманың атауы			Белгіленуі	Реттік № ____ бет.		
ҚОЛДАНУ САЛАСЫ							
Климаттық аудандар мен аудан ішіндегілер				Қар қабаты салмағының нормативтік мағынасы	кПа кгс/м ²		
Сыртқы ауаның есептік температурасы, °С	<u>негіз. шешім</u>			Отқа беріктігінің деңгейі	<u>негіз. шешім</u>		
	нұсқа			Сейсмикалық, балл	нұсқа		
Жел қысымының нормативтік мағынасы	кПа кгс/м ²			Инженерлік-геологиялық жағдайлар. Бағдарлау			

Б1 кестесі - Қ 2.1 формасы (жалғасы)

СҚҚТ-2	Жобалық құжаттаманың атауы	Белгіленуі	Реттік № _____ бет.
ИНЖЕНЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ			
Сумен қамту		Газбен қамту	
Канализация		Байланыс пен сигнал беру жүйесі	
Жылу		Өрт сөндіру	
Ауаны жаңарту		Қоқыс шығару	
Электрмен қамту		Жеделсатылар	
ҒИМАРАТТЫ ЖАБДЫҚТАУ			
Ас үйлерді жабдықтау: газ плиталары, электр плиталары, жуу орны және т.б.; қозғалмалы және стационарлық жиһаздардың, құралдардың және т.б. тізілімі.			
ҚҰРЫЛЫС ҚҰРЫЛМАЛАРЫ МЕН БҰЙЫМДАР			
Іргетастар			
Каркас (колонналар, ригельдер, сүлелер, аралықтар, фахверктер)			
Сыртқы қабырғалар			
Ішкі қабырғалар			
Қалқалар			
Жабындар			
Төсемдер			
Баспалдақтар			
Ойылған орындарды толтыру (терезелер, шамдар, есіктер, витраждар)			
Едендер			
Ғимараттың көлемді элементтері (басқа конструктивті элементтер)			
Шатыр			
Жинақтау элементінің ең көп массасы, т		(элементтің атауы)	
Сыртқы ӨНДЕУ			
Ішкі			
